

ТІЛ МЕРЕЙІ – ЕЛ МЕРЕЙІ



Мақсаты: Оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой - өрісін дамыту, ұшқырлық , ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Алдын ала тағайындалған топтарды шақыру.

2) Әділқазылар алқасын сайлау.

3) Сайыстың мақсатымен таныстыру.

4) Мұғалімнің кіріспе сөзі

Топтар



Сайыс кезеңдері:

1.«Жылдам жауап»

2.«Мақал-мәтел- халық қазынасы»

3.«Өтірік өлеңдер»

4.«Төрт жұмбақ»

5.«А-В»

6.«Жекпе жек»

I тур.
«Жылдам жауап»



Ітур. «Мақал-мәтел- халық қазынасы»



1. ...қылды қақ жарған.

(қара)

**2. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан ... ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер.**

(жаман)

3. Ел қонбаса - ... азады,
Жер болмаса – ер азады.

(жер)

4 ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

(алтау)

5. ... тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.

(тіл)

6. ... көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

(досы)

7. ... өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі.

(қыз)

8. ... таумен кездеспейді,
Адам адаммен кездеседі.

(тау)

9. Қына тасқа бітеді,
... басқа бітеді.

(білім)


10. ... сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді.

(сөз)

III тур. «Өтірік өлеңдер»



IV түр. «Төрт жұмбақ»



- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе. Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті?
- -Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр бар?

(“Ер Төстік” ертегісі, құда түсу)

- Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргеңді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.
- Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

(«Аяз би» ертегісі, енші беру).

Өлім деген тәңірі иесі,
Желіккен құлан әңгісі.
Құлан мен тұлпар желіккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап жалмап кетіпті.
-Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр
бар?

(«Ақсақ құлан Жошы хан» аңызы, естірту)

Балталы , Бағаналы ел, аман бол!
Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп, ер жеткен жер, аман бол!


-Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?

(«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры, қоштасу.)

V тур.

A

B



VI тур
“Жекпе жек”

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР



Қорытындылау

Жеңімпаз топты анықтау.

Назарларыңызға рахмет!